

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshzhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.К., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЬЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

XFTAP 17.82.10

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.13>

Е.К. КАРБОЗОВ¹ 

Ә.Е. МАМЕЖАНОВА² 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}
(email: e.karbozov79@gmail.com¹, mamezhanka.a@mail.ru²)

1960-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР

Аңдатпа. Мақалада ұлттық дәстүрсіз, сипатсыз әдебиеттің болуы, өмір сүруі мүмкін емес екендігі, ұлттық сипат – әдебиеттің өз стихиясы, даму заңдылығы бар екені көрсетіледі. Әрбір ұлттық әдебиеттің халық өмірімен бірге жасасып келе жатқан өз жолы мен тарихының әртүрлі қоғамдық, саяси жағдайлардың әсерімен бірде тоқырап, кезеңдік кедергілерге ұшырап отыруы, кейде аршындап, алға түсіп, қоғамның даму қарқынынан озық тұруы әдбел мүмкін. Бірақ, бір нәрсе анық, әдебиеттің тарихи дамуы стихиялы түрде ұлттық арнада, ұлттық дәстүрдің негізінде ғана жүріп жатады.

60-80-шы жылдар қазақ поэзиясы ұлттық құндылықтарға тән қасиет, дәстүрге деген жаңа көзқарас пен өзгеше батыл арақатынас. Бейнелеу құралдарының дәстүр жалғасымен қатар, оны көркемдік тұрғыда дамыту, заман, уақытқа лайық өзгерістер енгізу және оны байыту мәселелері өзек болды.

Қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным – ұлттық поэтикалық дәстүр. Ұлттық поэтикалық дәстүр – барша шығармашылықтың асыл діңгегі. Солай бола тұрса да дәстүр дамымай, дәуір мен уақыттың өзгешелігіне орай өз ерекшелігімен көрінбей қалса, дәстүрдің жасампаздығы болмағандығы. Дәстүрдің дәстүр болуы жаңашылдықпен дамып, байып отыруында десек, 60-шы жылдары әдебиетімізге енген ақындар шоғыры дәстүрден өз жалғасын тауып, поэзиямызға жаңалық сипатын ала келді. Міне, соған ғылыми тұрғыда барынша баға беріледі.

Зерттеу объектісіне айналған ұлттық поэзиядағы лириканың орны және оның табиғаты қандай, оның сол уақыттағы топырағынан қандай құнды дүниелер өсіп шығып, жапырақ жайды және де оның өсу жолы неге жетелейді, қай бағдарда, қандай деңгейде деген сауалнамаға жауап беру де, жұмысымыздың маңыздылығын алға тартса керек. 60-80-шы жылдардағы қазақ поэзиясының тенденцияларын зерттей отырып, бай мұраны жан-жақты да, терең қамту мақсатымен, біз белгілі бір ақындар тобының шығармашылығымен шектелуді жөн көрдік. Сондай-ақ, көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қазақ поэзиясының бұлақ көзі тереңде екенін көрсеттік.

Қазақ өлеңінің ұлттық сипатын зерттеу барысындағы көзіміз жеткен, көңіліміз сенген қорытындылар, тиянақталған ойлар мен тұжырымдарымыздың дені осы айтылғандарды қамтиды.

Түйін сөздер: поэзия, дүниетаным, құндылық, ұлттық сипат, дәстүр, ұлттық мінез.

Кіріспе. Қазақ әдебиеті тарихындағы шығармалар халқымыздың қалыптасуы мен даму кезеңдерінде ата-бабалардан ұрпақтарға ауысатын ұлттық дүниетанымның көрсеткіші тұғырын танытумен келеді. Әдебиет пен фольклор шығармаларындағы халық дүниетанымының тарихи-мәдени сана тұрғысында көрініс табатыны – сөз өнерінің эстетикалық негізділігінің көрсеткіші.

Халықтың мыңдаған жылдар белестерінен өткен тарихи-мәдени қалыптасу, даму жолының сөз өнерінің эстетикалық негізділігінің ықпалы аясында дамитыны адамзаттың саналы тіршілік иесі тұғырындағы тағылымын айқындаумен келеді. Қазақ сөз өнері әдеби үдерісінің негізгі арнасы болып саналатын қазақ поэзиясының ұлттық құндылығын, оның эстетикалық негізділігін бағалауда, әрине, қазақ халқының әдебиеттері мұраларындағы ұлттық сипаты хақындағы тұжырымдарды басшылыққа аламыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымының бағалауынша (зерттеуші Т.Бекниязов пікірі): «Ұлттық характер – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және сөйлеу, ойлау өзгешелігі. Ұлттық характер – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде де, әдебиетте де адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды. Сондықтан шығармада ұлттық характер жасау үшін, оның дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, т.б. қасиеттерін білу керек» [1, 211].

Қазақ әдебиетінің негізгі арнасы қазақ поэзиясы мұралары – ұлттық сипат пен көркем-ойлау ерекшеліктері тұтаса танылатын рухани құндылықтар. Ол ұлттық сипатта ХХ ғасырдың 60-80 жылдары ерекше қарқынмен дамыды. Қазақ поэзиясына жаңа есімдерді алып келумен қатар, рухани және әлеуметтік өміріміздің, қоғамымыздың кезеңге лайық шындығын ашуда, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын көрсетуде, поэтикалық түр мен образды, бейнелеу құралдарын барынша терең тамырлы дамытуда, қазақ әдебиеті үшін жаңа бір күрделі кезең болды. Ұлы жазушы М.Әуезов сөзімен айтқанда жыл келгендей жаңалық сездіре келген Т.Молдағалиев, Т.Айбергенов, Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов т.б. ақындар әдебиет есігін өзіндік үнімен, өзіне

лайық дауысымен батыл еніп, еркін шықты. Қазақ сөз өнерінің әдеби-мәдени сипатындағы поэтикалық, психологиялық, философиялық ерекшеліктер ұлттық дүниетанымға тән ойшылдық, сыршылдық тереңдіктерді танытады.

Әдебиет тарихының негізгі арналы саласы ақындық поэзия мұраларының қазақ философиясының да негізгі желісін құрайтыны ақиқат. Қазақ философиясы ұғымын құрайтын ерекшеліктерді: табиғатты құрметтеу, адам мәселесіне көңіл бөлетіні, жалпы дүние бауырластығына сену, әділеттілік құндылығын бағалау, ар-намысты жоғары ұстау, ұжымдық мүддені жеке мүддеден жоғары қою, ел үшін ерлік, батырлық жасау, «сегіз қырлы бір сырлы болу» ұстанымы, басқа халықтарға қайырымдылық, жүдеп-жадағандарға қамқорлық, ата-ананы, үлкендерді сыйлау туралы мәселелерді қазіргі ғылыми зерттеулер жинақтап бағалауда.

Демек, қазақ поэзиясының негізі – ұлттық сипатты құрайтын қоғамдық-саяси, тұрмыстық-әлеуметтік көзқарастардың жинақталған дүниетанымдық болмысы. ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ поэзиясы мұраларының ұлттық құндылығы ұлттық сипатты көзқарастар ықпалы арқылы әдеби үдерістегі халықтың шынайы ұлағаты анықталды. Чарлз Лэм айтып кеткендей: «Рухани-эстетикалық, моральдық-этикалық қазынасын молайта, көріктендіре түскен құнарлы, жемісті арналар болғаны поэтикалық дамуымыздың негізгі көрінісі»[2,85].

Туған халқымыздың асыл мұраты, ғасырлар бойы аңсаған арманы, ел-жұртымыздың қуанышы мен зар-мұңы, ұлттық психологиямыз, ұлттық дәстүріміз, қазақтың әлеуметтік тағдыры – шағын да, ұрымтал жанр – лирикада ежелден көрініс тауып, бірге жасап келеді. Адам сезімдерінің алуан құбылыстары, ұлттық дүниетаным арналары, салт-дәстүрге лайық мән-мазмұны лириканың нәзік тілінде сөйлеп, жүрек пернесін шертті. Жүректен шықпай жүрекке жетпейді деу де ең алдымен лирикалық дүниелерде айтылып, қанатты сөзге айналды. Шалкиізден Махамбетке, Абайдан Мағжанға, Сәкеннен Қасымға ұштасқан лирика 60-80 - ші жылдары өзіндік қайнар бұлағымен, өзіндік арналы өзен-дарияларымен халық жүрегінің теңізіне құйып, сахараның шөлін басты, өмірге деген іңкәрлікті оятты.

Мұхтар Әуезов сөзімен айтқанда 60-шы жылдары «Жыл келгендей жаңалық сезінерлік» жаңа тегеурінді ақындар толқыны әдебиетімізге келді. Олар өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерімен, өміршеңдігімен әдебиет табалдырығын аттап, бұл күнде бұғанасы бекіген, кемел жасқа ғана емес, поэзиямызды кемелдікке, белгілі бір шыңға жеткізді. Өзіндік ізденіс пен өзіндік үнімен әдебиетімізге енген ақындар Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, Зейнолла Шүкіров, Қадыр Мырзалиев, Жүмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Төлеген Айбергенов, Қайрат Жұмағалиев, Сабырхан Асанов, Сәкен Иманасов, Өтеген Күмісбаев, Марфуха Айтхожина, Ақұштап Бақтыгереева, Фариза Оңғарсынова, Меңдекеш Сатыбалдиев, т.б. ақындар шығармашылығы

көркемдік жағынан да, эстетикалық әсер тұрғысынан да айқын қолтаңбамен әдебиетімізге өз соқпағын салуға ұмтылды.

Ақындық поэзия – замандар бойы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениеті салаларындағы ұлттық-этнографиялық сипаты көркем шындықпен бейнеленген рухани қазына. Ақындардың туған жері, ата-мекен туралы азаматтық лирика дәстүріндегі өлеңдері ұлттық көңіл-күй психологиясын айқын таныта алады. Қазақ халқына тән ұлттық мінез-құлық қасиеттерінің ең басты көрсеткіші – туған жерін, ата-мекенін өмір бойы ардақ тұтатыны, ұрпақтарын да сондай көңіл-күй арнасында тәрбиелейтіні. Бұл орайда, қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан осы көзқарастары мақал-мәтелдердегі фразеологиялық бейнелі сөздермен де ұрпақтар жадында құрыштай құйылып қалғанын көреміз. Ақындардың туған жер, атамекен туралы өлеңдері азаматтық және табиғат лирикасы поэтикалық ерекшелігі аясында тұтастануы тұрғысында байқалады. Туған жердің әрбір перзентіне ыстық, әсем көрінетін келбеті, құбылыстары, қозғалыстары сол мекенге арналған әлеуметтік-азаматтық, отаншылдық көзқарастарымен сабақтастырыла жырланады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Ақындық поэзия мұраларындағы ұлттық құндылықтардың лирикалық өлеңдерде көрініс табуы, сондай-ақ мазмұны мен пішін ерекшеліктерінің ұлттық және жалпы әлемдік әдеби үдеріс сабақтастығы аясында айқындалуы – маңызды мәселе. Ақындық поэзия жанрлары табиғатын жаңаша зерделеу қазіргі жаңа әлемдегі Қазақстан әдебиетінің дәстүрлі мұраларын өркениет кеңістігіндегі тұғырын танытудың маңыздылығын аңғартады.

Әлемдік өркениет кеңістігінде мыңжылдықтардан жалғасып келе жатқан дәстүрлі іргелі құндылықтарды жан-жақты қамтыла бағаланып жатқан қазақ мәдениетінің негізгі саласы ақындық поэзияны аталған мәселелер тұрғысында қарастыру – зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейді. Мақалада зерттеу, салыстыру, герменевтикалық талдау әдістері негізге алынды.

Талқылау мен бақылау. Ақындық поэзия – қазақ халқының отбасынан басталып, ауыл-аймақ, тұтас ел тұтастығын арқау еткен өнернама әлемі. Ақындар шығармаларындағы жалпыадамзаттық өзара ынтымағын құрайтын отбасы, әулет, ауыл-аймақ адамдары араларындағы қарым-қатынас ұлағатын адамгершілік қасиеттер аясында жырлауы – ұлттық-этнографиялық дәстүр сабақтастығы заңдылығымен айқындалады.

Л.Н.Толстой бірде өзіне өзі: «Сіздер білесіздер ме, кім менің сүйікті ақыным?» деп сауал қойып, оған өзі: «Тютчев» деп жауап берді. Кейін: «Онсыз өмір мүмкін емес» [3, 152] деген тұжырымын айтады. Тютчевті түсіну деген поэзияны түсіну, Тютчевті сүю – лириканы сүю деген сөз. Осындай лириканың туа біткен перзенті, ақыны – Төлеген Айбергеновтің жүрегі, өмірді сүюдегі күдіретті сезімі ұлы ақындардан кем соқпайды. Тютчевті «жер бетінде өмір

сүрген аса ұлы ақындардың бірі» [4, 10] десе, біз Төлеген Айбергеновті қазақ даласындағы қайталанбас, ғажайып лирик ақынымыз деп айта аламыз, «Тютчевті табиғат жыршысы» деп бүкіл әлем таныды, оны орыс халқы Баратинскиймен бірге философиялық лириканың да үлкен өкілі ретінде мойындады. Асылында, табиғат пен философияның бір-біріне қатысы мол. Табиғаттың түп-тамырында – философия жатыр, ал философияның түп-тамыры – табиғатқа келіп тіреледі. Тютчевтей таза табиғат жыршысы болғанымен бүткіл бейнелеу құралдарын табиғатпен ғана алған, табиғатпен етене туысқан дарын – Төлеген Айбергенов шығармашылығын сөз еткенде, оның осы қырына арнайы тоқтауды жөн көрдік.

Ақын туған жерін сүйетіндігі, қастерлейтіндігі соншалықты өзінің көлеңкесін де сол жерге түсіргісі келмейді. Сондықтан да: «Мен сенің ақ төсіңе шаңқай түсте, көлеңкем түспесін деп тік тұрамын», – дейді. Төлеген Айбергеновтің «Атамекен» өлеңінен табиғат, пейзаждық лириканы бастауымыз себебі, ақын сол туған жер табиғатының суретін, бояуларын саяси лирикада да, философиялық лирикаға да, махаббат лирикасына да тамаша қолдана біледі. Оның бейнелеу құралының қуатты қаруы – табиғат тылсымдары.

Төлеген өлеңдерінде туған жерге деген сағынышын:

«Туған жер сен деп қайғыра алмасам, тағдыр да мені бай қылмас,

О бастан саған ынтызар туған аруана тектес ұл ем мен» [5, 64] – деп жырлайды. Бұл жерде ақынның лирикалық кейіпкері туған жерге деген сағынышын жеткізуде барынша «қазақша» ойланған, сезінген. Пушкин тілімен айтқанда, лирикалық кейіпкердің «ойлауы мен сезінуінің» ұлттық сипаты басым, ұлттық бояуы қою. Сағыныш сезімі үстінде ақын өзін аруанаға теңесе, басқа ұлт ақыны аруананың не екенін де білмеуі мүмкін. Аруана, тұлпар, домбыра, т.б. ұлттық символды бейнелесе, өзін аруанаға теңеу, балау басқа ақындарда сирек кездесетін, Т.Айбергеновтің стилін әрі өлеңдерінің ұлттық сипатын танытатын ерекшелік болып табылады. Ақын туған жерге деген сағынышын енді бірде:

«Сен десе толған ағыстан,

Қалайша ақтарылмаймын.

Сағынып салған алыстан

Солдаттың хаттарындаймын», – деп білдіреді де, сағыныш үстіндегі лирикалық кейіпкерді солдаттың хаттарына теңейді. Қ.Аманжоловтың «солдаттың етігінде жаным сірі» дегені сияқты, сағынышты солдаттың хаттарына теңеу де жаңалық. Осы жерде өлең өміріндегі лирикалық кейіпкер табиғаты жөнінде бірер қорытынды жасауға болады. Жоғарыда мысалға келтірілген өлең үзінділерінде бір-ақ нәрсе айтылады, ол – сағыныш, бірақ сағыныштың бейнеленуіне келсек, екінші мысалда дәстүрлі яки солдаттың хаттары арқылы бейнеленген. Лирикалық кейіпкер табиғатындағы ескі мен

жаңаның диалектикалық қарым-қатынасынан әдебиет туындысының ұлтты және жалпы адамзаттың сипаттарының байланысы, бірлігі өрбіп жатады. Егер ақын «Туған жер» атты өлеңінде:

«Сен жүйрік армандарымның,

Тұлпарын қамшылайсың сен.

Аспанға шаншылып қойған

Ақ сүңгі заводтарымбысың», – десе де, тұлпар, заводтар ара қатынастары арқылы заман шындығын ескі мен жаңаның диалектикалық бірлігімен бейнелеген. Ақын өлеңдерінде қазақ поэзиясы үшін дәстүрлі символдық бейне мұнаралардың, мәселен, ақынның бір емес бірнеше өлеңдерінде, тіпті цикл құрап жүруі – жаңа заманды бейнелейтін символдық мәнге ие образ болуынан деп тұжырымдауға болады.

Сағыныш – ұлттық сезім. Сағыныш сезімінің қазақ халқында оттылау да тәттілеу көрінуі табиғи. Кең даланы мекен еткен, қыстау-жайлаудың қамымен жүретін қазақтар ағайын-туыстарымен сағынысып көрісетін болған. Сағыныш сезімі – ата-бабамыздың меймандостығы, қонақжайлылығы, кеңдігі мен дархандығы тудырған, ұлттық мінезін айқындайтын сезімдерінің бірі. Ал, осы сағынышты Т. Айбергеновтей көп әрі терең жырлаған қазақ ақыны кемде-кем. Әрі лирикалық кейіпкердің ағынан жарылып, ақтарыла айтқан сағыныш сырларында елін, жерін сүйетін патриот ұлдың дауысы бар. Демек, Т.Айбергенов – патриот ақын.

«Тербеліп жатқан өмірді,

Төбіреніп сүйген ел ғой бұл» [5, 85] , – дейді ақын өз елі, халқы туралы. Өз елін, халқын емірене сүйгені соншалық, сағынышқа айналып кеткендей ақын тұлғасында ұлт ақынына қажетті қасиеттің бәрі бар. Төлеген патриотизмін оның ұлтжандылығынан бөлек көрсетудің қажеті жоқ, керісінше лирикалық кейіпкер патриотизмі ақын өлеңдерінің ұлттық мінезін, сипатын танытады, оларға негіз қалайды. Демек, Т. Айбергенов өлеңдерінің мағыналы мазмұны – сағынышта, лирикалық кейіпкерді тұлғалайтын, сомдай түсетін терең сырлар: патриотизмде, ұлттық мінез бен сипатта екен.

«Ұлттық колорит – қайсыбір өнердің болсын келбетін мүсіндеп, көркін ашар, оған шытынамас берік ұстын, ұзақ ғұмыр сыйлар қасиет. Ол поэзияда ақынның мінезі мен тілдік қорынан, жырламақ объектісін таңдап-талғауы мен көру ерекшелігінен құрала келіп, айқын сипатқа ие болады. Туған халқының атынан сөйлеуге толық қақысы бар тұлғалы қаламгерді дүниеге әкелетін де, оның дара болмысын, өзге әдебиеттегі өз тұрғыластары арасындағы орнын сезіндіретін де осы» [6,139]. Бұл тұрғыда туған халқының тағдырын, әр шығармаларының ұлттық сипатын жан-жақты жаза білген М.Мақатаевты жатқызамыз.

Ақиық ақын туралы Ө.Күмісбаев: «М.Мақатаев туған халқының өмір тарихын, фольклорын, әнін, күйін, дүние жүзі мәдениетінің жетістіктерімен

ұштастыра жырлады. «Армысыңдар, достардан» бастап «Дантениң Құдіретті комедиясына» дейін ол қаншама өсуден, өрістен өтті» [7, 135], –депбағабереді. Әршығармаларындаөзқандастарыныңбиікмұратыменұлымақсатын, әрсәттердегікөңіл-күйлерініңірімдерін, еренерліктерін, сезім сырларын, арман-тілегін айшықты да, әсерлі бейнелей білген.

Сана-сезімі сергек, ақыл-ойы, парасаты толық әрбір адам үшін, әсіресе ақынға қасиетті де, қадірлісі, асыл мұрасы мен қазынасы да – туған халқы, туған жері, елді мекені – Отаны. Осы бақытты қастерлей білген мұзбалақ ақын М.Мақатаев «үш бірдей бақытым бар алақанда» деп жырлаған. Жан дүниесін әуезді жыр баураған ақынға туған жердің әрбір тасы мен тауы, әрбір қойнауы ыстық көрініп, таудан соққан самал желі ақ сүт берген ананың аймалаған ыстық лебіндегі әсер етіп ақын жүрегінен жыр шумақтарына айналып туған жерге, еліне деген ыстық лебізбен өріледі.

Туған жер тұлғаң сенің шықпас естен,

Болсам да ойы сараң үміті өшкен.

Сүйемін шын сүйемін өлкеңді мен,

Себебі: балапанмын сенен өскен [8, 75] – деп жырлайды ақын.

Туып өскен жері Қарасаз елді мекенін асыл да, ардақты кейуанаға, «Кеудең кең, жотаң алып, тасың найза» деп бейнелі, суретті сөздермен әдемі өрнек сала жырлаған ақын басынан қар кетпейтін алып тауды ақ басты қарияға теңеуі ақындық құдіретінің хас шеберлігін, қаламының қарымды екендігін танытады. Жалпы ақынның әрбір өлеңінен туған жерге деген ғашық жүректің лүпілін сезесің. «Өскен жер, өн бойына тұрсам қарап, өзіме, өлеңіме бітер қанат» деп жырлауы да сондықтан. Туған жердің әрбір тал-шыбығы, әрбір тасы, сылдырап аққан мөлдір өзеңі мен жапырақтың сыбдыры, таудан соққан самал желі ақын жүрегіне ұялап, жыр болып төгіледі. Батық Мәжитұлының айтқан бір сөзі бар: Қарасаз, Мұқағали! Бірін айтсақ, екіншісі еске түседі. Қазір бұл мекен қазақ ұғымындағы қасиетті өлке. Рас, өте орынды айтылған. Себебі, Қарасаз елді мекенін Мұқағалидың есімінсіз елестету, я айту мүмкін емес. Туған жері Қарасаз бен ақын аты қатар аталатыны да осы себепті. Оған дәлел:

Мен бақыттымын,

Бақытты жерде туылдым.

Айналайын, Қарасаз,

Қасиетіңнен суыңның.

Сенің әрбір бұлағың

Менің әрбір қан тамырым емес пе? [9, 50].

Әрбір ақынның мінезі бүгіннен пайда бола салған құбылыс емес. Оның тамыры тым тереңге, ғасырлар қойнауындағы сарқылмас халық қорынан нәр алатыны анық. Халықтың дәстүрді, ұлттық тілді, ата ұрпақты ерекше сыйлап, қадірлей білу де көп ақындардың суреткерлігіне, синтездік ойшылдығына тән.

Ақын Қ. Мырзалиевтің поэзиясындағы туған халқының кешегі тағдыры, талапайға түскен талайы туралы ордалы күйзелісі оқырманын ойлантап, толғантап қоймайды. Сол ойлардың құшағында отырып, бүгінгі тіршілігіміздің мәні мен мақсатына, рухани өміріміздегі сүйініш пен күйінішке де көз жұмып қарай алмаймыз. Өйткені, ақынның өткен тарихтың соқтықпалы – соқпақты жолдары туралы ащы ойлары ашындырып қана қоймай, осы заманғы әлеуметтік тыныс-тіршілігіміздегі кейбір мәселелерге де ой көзімен, сын көзімен қарауға еріксіз жетелейді.

Қазақ әдебиетінің негізгі арнасы дәстүрлі ақындық поэзиядағы лирикалық өлеңдер – ұлттық сипатты ұлағатымен халықтық тағылымды жалғастырған рухани құндылықтар. Халықтың ататек-әулет жүйесі сабақтастығын, атамекен қоныстардың қасиетті өнегесін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүр ұлағатын, тарихи тұлғалар тағылымын әр алуан жанрлардағы лирикалық өлеңдермен жырлаған ақындық поэзияның ұлттық сипаты ұрпақтар көңілін сәулелендірді, қазақ рухының қуаттылығын дәлелдеді.

Нәтижелер. Дәстүр немесе ұлттық ерекшелік тек әдебиеттік көрініс емес. Дәстүр, әдет, салт, үрдіс, тіпті, ғұрып адам мінезі мен тіршілігіне тікелей байланысты. Демек, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кететін құбылыс емес. Сол сияқты ұзақ уақыт бойына, тіпті таптық қоғамдардың ауысуына қарамастан өзгермей қалатын кездері де бар. Ғалым В.Г.Белинский үрдіс, дәстүрдің, салттың адам психикасына, мінезіне байланысты түзіліп қаралатын тұрақты құбылыс екенін даусыз нәрсе деп қабылдап, әдебиет туралы былай дейді: «Әдебиет қолдан жасалынбайды, оның жасалуы халықтың ырқынсыз, көңіл қалауынсыз, ниетінсіз болатын тіл мен дәстүрлердің жасалуы сияқты» [10, 19].

Ақын – қоғамдық-эстетикалық құбылыс. Сол үшін де оған екеуінің тарихымен қатар заңдылықтарын, даму жолдарын, қажеттіліктерін қапысыз білуі керек. Яғни, ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамның көкейкесті мәселелерін көтеріп, оған үн қосумен бірге, өзіне дейінгі әдеби дәстүрлердің жылт еткен жаңалығын одан әрі жалғастыруы тиіс. Бұл ретте Абайдың: «Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау, өлеңі бірі – жамау бірі – құрау, әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса, кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау» дегені оның бұрынғы дәстүрге сыншылдық көзқарасы ғана емес, өз шығармашылығындағы өсу эволюциясын танытады. Бұл Абайдың ғана емес, кез келген ақындардың басында да болатын өсу процесінің көрінісі.

Кеңестік дәуірдегі әрбір ақынның бойында белгілі бір өсу процесі болды. Ол мінез жағынан, ойдың, таным жүйесінің кеңдігі тұрғысынан өлең өлкесінде өріліп, өрбіп жатты. Ұрпақтың бойындағы ұлттық мінез халықтың салт-санасы, ұлттық дәстүрін сақтауы арқылы танылады. «Әр халықты басқа халықтардан ерекшелеп тұратын өзіндік тұрақты құндылықтары мен дәстүрлердің жүйесі болады» [10, 85] – дейді С. Нұрмұратов «Сол дәстүрлер жүйесі келер ғасыр

ұрпағының жадында қаларма екен?» деген ой. Кеңес дәуірінде салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтар жайында қалам тербеген ақындар қаншама. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев өзінің жалынды жырларымен Кеңес дәуірінде қазақ поэзиясының дамуына орасан зор үлес қосты. Ол өзінің найзағайлы қысқа ғұмырында туған әдебиетіміздің тарихында өшпес із қалдырып кеткен дара тұлға, қайталанбас талант. Ақынның поэтикалық қуаты жоғары, көркемдік сапасы биік, мағына-мәні терең поэзиясы қай кезеңнің де рухани қажетін өтейтін әдеби мұра екендігі даусыз. Сұлу сөзді өлең жолында қолданғанда оның мағынасын эстетикалық талғаммен зерделеу, әр сөздің салмағын байыптау ақынның шеберлік талантын танытса керек. М.Мақатаев жырларын зерделей отырып, оның қарапайым сөздің құдіретін асқақтата білген шеберлігін танымыз.

Адам баласының бойында ұлттық мінездің қалыптасуына ұлттық әдет-ғұрып, тұрмыс-салттың маңызды орны бар екендігі анық. Яғни, халықтың ұстанған салт-дәстүрі, айналысқан кәсібі халықтың бойына өзіндік ұлттық ерекшелігін дарытады.

Ұлттық ерекшелігімен, басқа ұлттардан кем түспейтіндігімен дараланатын атам қазақ мақтануды «әлімсақтан бері қарай жек көрмеген» екен. Өлең бойында бұл көріністі де ақын жеңіл тілмен ұғындыра жырлайды және ол қасиетін:

Дәулет шалқып, ырысы асқанында

Қақысы бар қазақтың мақтануға, – деп түсіндіреді.

Алайда, дарақы боп, асып-тасып кетпегенін қалайтын ақын сабырлыққа үндейді.

Дарақы боп қазағым кетпесін деп,

Сабыры тұр күзетіп арт жағында [10, 156] – деп үнемі сабырлықты серік еткен бейне арқылы қазақы мінезді суреттейді. Өлеңнің сыртқы түрінен-ақ ұлттық мінез, ұлттық бейне, ұлттық көрініс, ұлттық психология сезіледі.

Ақын ниетін, адал пейілін «Әттең, шіркін» өлеңінен де байқауға болады. Қазақтың пейіліндей кең жазира даласы, асқар таулары, бетегейлі белдері, бұлаң қаққан бұлақтар мен сыбдыр қаққан құрақтары, бәрі де ақынның қазақ даласына деген сағынышын оятады. «Әттең, шіркін, құс болып жаралмадым» деген ақын жырында үлкен арман жатыр. Қазақтың атырабын аралау – ақын арманы. Жайған ақ дастарханынан дәм тату ниетінің де ақ екендігін білдіреді. Бұл ұлттық қасиетінің көрінісі. Қазақтың кең даласын құсша еркіндікте шарлай ұшып аралау – ақын қиялы. Қазақ халқының ұлттық көріністі өлең жолында нәзік сезімталдықпен жеткізе білген. Кең пейілділік пен дарқандықты қасиет тұтып, еркіндікті сүйе білген қазақ қашанда «ар-намысын аяққа таптатпайды». Бұл қазақы, ұлттық қасиетіміздің бірі.

Сол сияқты ұлттық салт-жоралар дәстүрінің байыбын барлап отырып, Қадыр Мырзалиев те бүкіл бір халықтың өз ішіндегі қайшылықтар сырына

терең бойлай алған. Әсіресе, ұлттық мінез тұрғысынан. Ұлттық мінездің қазіргі қазақ өлеңіндегі бітім-болмысы дегенде, Қ.Мырзалиев шығармашылығының басқалардан оқ бойы озық тұрғанын айтсақ, бұл жаңалық ашу емес. «Ұлттық мінездің қалыптасуында ұлттық әдет-ғұрпы, тұрмыс-салт, кәсіптік шаруашылықтық ерекшеліктері, ұлттық сезім, бәрі де маңызды» [10, 64]. Яғни, әрбір халықтың ұстанған әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, айналысқан кәсібі сол халықтың бойына өзіндік ұлттық ерекшелігін дарытады.

Қазақ өлеңіндегі ұлттық мінездің жарқырай көрінетін бір тұсы – өлең өміріндегі «кейіпкерлердің», әдеби бейнелердің кескін келбетінің суреттелуі мен бітім-болмысының жан-жақты бейнеленіп жасалатын жері, Қ.Мырзалиевтегі:

«Малын емес, қызын бағып кемпірлер,
Босағаға жатып алған көлденең»

немесе:

«Күндіз-түні жаппайды ел есігін,
Көршілердің қылығын елесін кім.
Бір әжейдің кебісі,
Бір әжейдің

Аяғында жүреді келесі күн», – деген сияқты жолдарда көршілердің, әжелердің қылығы арқылы ұлттық мінезді танып отырмыз, ол қандай мінез дегенге кеңдік, қонақжайлылық деп жауап берер едік. Аталған мысалдардағы ерекшелік ұлттық мінездің қазақ өлеңдерінің тұрақты кейіпкерлері, әжелер бейнесі арқылы берілуінде десек, бірінші мысалдағы әжелер «қу» болса, екінші өлеңдегі әжелер – «аңқау». Әжелердің осы «құлығының» өзінен «қызға қырық үйден тыюға» саятын ұлттық дәстүріміз, әдет-ғұрыптық ерекшеліктеріміз танылады. Өз кезегінде көркем шығарманың ұлттық сипатын ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сананың да білдіретіндігі талассыз. Сонымен бірге «Босағаға жатып алып, қыздарын аңдитын кемпірлер» қылығында ұлттық сезімге қатысты жайттар жоқ емес, яғни өз баласына өскенше, немересіне өлгенше қарайласатын қазақ қарттарының берік туысқандық сезімін де аңғаруға болады. Ал туысқандық сезімнің әр ұлтта бірдей болмайтындығының үстіне, ұлттық мінездің бүтіндей болмысына тікелей әсер-ықпал ететінін де жоққа шығара алмас едік. Демек, ұлттық мінездің өлеңдегі күрделі бітімін оның жалаң жадағай суреттелмей, ұлттық сипат пен психологияның басқа түрлерімен бірлікте, тығыз байланыста бейнеленуі арқылы көруге болады екен. Ұлттық мінездің өлең болмысында бірден байқала бермейтін, көзге оңай көрінбейтін Э. Томас айтқандай «қиын материя» болуының сыры оның осындай күрделі табиғатынан туындап жатса керек. Ұлттық мінез өлеңнің қаны мен жанында, мазмұн мен мағына тереңінде жатады деп тұжырым жасайтындығымыз сондықтан.

Қадыр Мырзалиев шығармашылығында, әсіресе, осы кеңдік, дархандық, қонақжайлылық, меймандостық, осылармен туыс ақкөңілділік пен аңқаулық жайы әртүрлі қырынан көбірек жырланған. Дәлелдер болсақ:

Ол бастан жомарт қазақ топырағы,
Ол қашан дастарқансыз тоқырады.
Мейманға нәрін беріп, барын беріп,
Қонақтан қалғанын жеп отырады.

Бұлар енді қонақжайлылық, меймандостық жайында болса, дәл осы қонақжайлылықты басқа ұлттарға тән емес деп үзілді-кесілді тұжырымдау әсте дұрыс емес. Бұл – бір, екіншіден қонақжайлылық қанша дегенмен тұрмысқа, экономикаға байланысты болғандықтан оның өзгермей тұрмайтындығы тағы да түсінікті. Бұл айтқанымызды мынадай пікірімен бекіте түссек: «Ұлттық мінездің кейбір сапаларын басымырақ бағалау көпшілік жағдайда экономикалық факторға байланысты болады. Мәселен, қонақжайлылық, қауымшылдық ұлттық мінездің айрықша қырлары болғанымен, бұларды өзі бірнеше күннен аш жүрген немесе рухани азғындауға ұшыраған ұлт өкілінің көрсете алмайтындығы анық» [11, 26]. Айталық, дәл қазір қазаққа нарық экономикасына «қарық» боп жатқан уақытта аңқау болуға болмайтындығы сияқты, қонақжайлылық та аса қажет, дұрысында мүмкін бола қояр ма екен? Демек, ұлттануда оның бір мінезіне басымдылықпен қарау үнемі дұрыс бола бермейді екен. Себебі, ұлттық мінез, оның жекелеген сипаттары мен қалпы өзгеріп отырады. Дегенмен ұлттық мінездің өзгермелілігін айтқанда, оны бүгін бар да ертең жоқ деген сияқты тым тез өзгертін құбылыс деп қарау дұрыс болмас еді. «О бастан жомарт қазақ топырағы» деп Қ.Мырзалиев айтақандай, қазақ мінезіндегі кеңдік қанға сіңіп кеткен табиғи сапа, тіпті, дәстүр іспеттес, қалып болғандықтан оның тез өзгеруі қиын. Қонақжайлылық та сондай. Бұлардан ұлттық мінездің қалыптасуы ұзақ жылдарды қамтитындығын, өзгеріске түсіп отырғанның өзінде, бітім-болмысын көпшілік жағдайда ұзақ уақыт тұрақты сақтайтынын қорытындылауға болады. Осы айтқандарымызды өлең өмірі, әдебиет шындығы айнадай ашып көрсететіні өз алдына мәселе.

Қазақтың ұлттық ойын түрлеріне жататын бәйге, көкпар, күресті ақын өзінің өлеңдерінде өте әдемі суреттейді. Әрбір оқырманға өзіндік ой, тәлім-тәрбиелік мән-мағына береді. Салт-дәстүрімізді өмірдің күресіне, тартысына теңеп, ойын мен өмірді байланыстыра отырып жырлауы, осының бәрі ақынның шеберлік қасиетін танытады. «Көкпар» атты өлеңінде:

Көкпарды - құрбан төліңді,
Тартқанмен көңіл хошыңда,
Тартысып өткен елімнің,
Таңбасы жатыр осыңда! [12, 26].

Көкпар – тәрбиелік мәні зор ойын. Ақын «қайтсең де жеңісті өзгеге берме» деп тәрбиені ұстана отырып, оқырманға ой тастайды.

Шопандық атадан балаға мұра болып келе жатқан кәсіп. Ол ақындар шығармашылығында өте көркем, әрі шебер суреттеледі. Кисе киімі, іпсе тамағы, мінсе көлігі болған малды «қазақтың – ырысы, малы – бағы» деп таныған халық малды қасиет тұтып, ата-баба салған сара жолы арқылы осы бір дәстүрлі кәсібін жалғастырған. Малды қыста қыстауға, жазда жайлауға көшіру бұрынғы заманнан жалғасып келе жатқан салт. Осы тұрғысынан ақын жақсы мен жаманын саралай келіп, былай дейді:

Бір жаманы – тынымсыз көше берген,
Бір жақсысы – қимаған даланы кең [12, 76].

Халықтың сахарадай кең пейілді даланы қимауы жарасымды-ақ. Табиғаттағы бар көркемдік, сұлулық, әсемдік қазақтың өз бойынан табылғандай. Ақынның «көшіп-қонуды құмнан алған секілді» деп жырлауы сондықтан болса керек.

Мұқағали Мақатаев пен Қадыр Мырзалиевтің әр өлеңдерінде, әр шумағында қазақтың тарихы, психологиясы көрініс табады. Ақындардың халқының салты мен дәстүрін, рәсімі мен тұрмыс-тіршілігін қамтитын этнографиялық сипаттағы өлеңдерінде де ел тарихына үнілу, солардан сыр тарту, көне дәуір тынысы мен тұлғасын бүгінгі кезең биігіне шығарып қойып сөйлету ішкі-сыртқы гармониялық үйлесімділік пен тіл бітіре, тірілте сөйлеу басым түсіп отырады.

Қорытынды. Ұлттық сипатсыз, дәстүрсіз әдебиеттің болуы, өмір сүруі мүмкін емес, ұлттық сипат – әдебиеттің өз стихиясы, даму заңдылығы. Себебі, ол «...тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін көркем шығармалардың құндылықтар жүйесін, ұлттық құндылықтардың көріну ерекшеліктерін ашып беруге көмектеседі» [13, 155]. Әрбір ұлттық әдебиеттің халық өмірімен бірге жасасып келе жатқан өз жолы мен тарихының әр түрлі қоғамдық, саяси жағдайлардың әсерімен бірде тоқырап, кезеңдік кедергілерге ұшырап отыруы, кейде аршындап, алға түсіп, қоғамның даму қарқынынан озық тұруы әдбен мүмкін. Бірақ, бір нәрсе анық, әдебиеттің тарихи дамуы стихиялы түрде ұлттық арнада, ұлттық дәстүрдің негізінде ғана жүріп жатады.

60-80-шы жылдар қазақ поэзиясы ұлттық құндылықтарға тән қасиет, дәстүрге деген жаңа көзқарас пен өзгеше батыл арақатынас. Бейнелеу құралдарының дәстүр жалғасымен қатар, оны көркемдік тұрғыда дамыту, заман, уақытқа лайық өзгерістер енгізу және оны байыту мәселелері өзек болды.

Қорытындылай айтқанда, қазақ поэзиясының ұлттық дүниетанымын тек кестелі сөзбен ғана емес, ғылыми тұрғыда жазушылардың зерттеуімен, ақындардың шығармаларын талдау арқылы, ондағы өлең өміріндегі ұлттық мінез және поэзия жүйесінен іздегенде, Мұхтар Әуезов айтқандай, «Біздің поэзия өзінің тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет болып кетпегеніне» [14, 63] көз жеткіздік. Қазақ өлеңінің сипатын арнайы зерттеуіміздің мақсаты да осы болатын.

Әдебиеттер

1. Ахметов З. Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Charles Lamb. Specimens of English Dramatic poets., in The Concise Oxford Companion to English Literature, 1808 y., – 39 p.
3. Серия литературных мемуаров. I том. Под общей редакцией: Вацужор В.Ә., Гея Н.К., Орлова В.Н., Машинского С.И., «Л.Н.Толстой в воспоминаниях современников» Москва, 1955, I том, – 642 б.
4. Тургенев И.С. Шығармаларының толық жинағы. – М.: Писатель, 1961. – 254 б.
5. Айбергенов. Т Аманат. – Алматы: Жазушы, 1975. – 107 б.
6. Әбдірашев Ж. Парасат пен парыз. – Алматы: Жазушы, 1973. – 168 б.
7. Күмісбаев Ә. Екі перне. – Алматы: Жазушы, 1980. – 156 б.
8. Бегманова Б. М.Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық: Әдеби зерттеу / Б.Бегманова. – Алматы: Қаратау, 2015. – 232 б.
9. Мақатаев М. Көшпеді өлең немесе өшеді өлең: Өлеңдер мен поэма. – Халықаралық Абай клубы, 2013. – 384 б.
10. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: Филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы: Білім, 1997. – 303 б.
11. Aituganova S., Sarekenova K., Aubakir Zh., Karipbayev Zh., Seiputanova A., Aimukhambet Zh. The Impact of Online Technologies Supported by the Teaching of Poetry Poetology on the Achievements and Attitudes of Students // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology, 2023, 11(3), pp.662-682
<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0.85161358181&origin=resultslist&sort=plf-f>
12. Мырзалиев.Қ. Дала дидары: Өлеңдер кітабы. – Алматы: Жазушы, 1966. – 168 б.
13. Сұлтанғалиева О.Қ., Ердембеков Б.А., Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ поэзиясының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері // Хабаршы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология сериясы. - 2023. - №1 (142). – 154 б. DOI <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-142-1-154-162>
14. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959, – 375 б.

Е.К. КАРБОЗОВ, Ә.Е. МАМЕЖАНОВА

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы,
Казахстан

НАЦИОНАЛЬНОЕ МИРОВОЗЗРЕНИЕ И ТРАДИЦИИ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ 1960-1980-Х ГОДОВ

Аннотация. В статье указывается, что литература без традиций не может существовать. Она имеет свой национальный характер, свою стихию, законность развития. Каждый национальный литературный путь и история, создаваемые вместе с жизнью народа, под влиянием различных общественных, политических ситуаций подвергаются не только депрессивным, но и периодическим препятствиям, порой прогрессируя, опережая темпы развития общества. Очевидно, что историческое развитие литературы происходит стихийно в национальном русле, исключительно на основе национальных традиций.

60-80-е годы казахская поэзия – это особенности национальных ценностей, новое отношение к традиции и иные решительные перемены. Наряду с продолжением традиций изобразительных инструментов, актуальными стали вопросы его художественного развития, внесения изменений, достойных времени и обогащения.

Национальное мировоззрение в казахской поэзии – национальная поэтическая традиция. Национальная поэтическая традиция – это драгоценная опора творчества. Традиция не развивалась, не проявлялась в своей специфике из-за различий эпохи и времени, не было создания традиции. Традиции развиваются и обогащаются новаторством. В 60-е годы плеяда поэтов, вошедшая в казахскую литературу, продолжила традицию и привила новый характер нашей поэзии. Этому и дается научно обоснованная максимальная оценка.

Данная работа изучает роль лирики в национальной поэзии, природу лирики, ценности времени, нравственные ориентиры. Изучая тенденции казахской поэзии 60-80-х годов, с целью всестороннего и глубокого охвата богатого наследия, мы решили ограничиться творчеством определенной группы поэтов. Основываясь на трудах многих ученых, мы показали, что у казахской поэзии есть традиции, уходящие в глубину веков.

Все эти выводы, которые мы наблюдаем в ходе изучения национального характера казахского стихотворения, отражают суть данного исследования.

Ключевые слова: поэзия, мировоззрение, ценность, национальный характер, традиция, национальный характер.

E.K. KARBOZOV, A.E. MAMEZHANOVA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

NATIONAL WORLDVIEW AND TRADITIONS IN KAZAKH POETRY OF THE 1960-1980S

Abstract. The article states that literature without a national character, without traditions, cannot exist, has a national character - its element, the legitimacy of development. It is possible that each national literary path and history created together with the life of the people, under the influence of various social and political situations, are subjected not only to depressive, but also to periodic obstacles, sometimes progressing, outpacing the pace of development of society. But one thing is obvious, that the historical development of literature occurs spontaneously in the national channel, solely on the basis of national traditions.

60-80-ies Kazakh poetry is a feature of national values, a new attitude to tradition and other decisive relationships. Along with the continuation of the traditions of fine instruments, the issues of his artistic development, making changes worthy of time and enrichment have become relevant.

The national worldview in Kazakh poetry is a national poetic tradition. The national poetic tradition is a precious pillar of all creativity. One way or another, the tradition did not develop, did not manifest itself in its specifics due to the differences of the epoch and time, there was no creation of tradition. Although traditions are developing and enriched with innovation, in the 60s the galaxy of poets that entered our literature continued the tradition and acquired a new character in our poetry. This is given a scientifically based maximum assessment.

What is the role of lyrics in the national poetry that has become the object of research, and what is its nature, what values sprouted from its soils of that time and spread leaves, and what is its path of growth leading to, answering the questions, in what orientation and at what level, we put forward the significance of our work. Studying the trends of Kazakh poetry of the 60-80s, in order to comprehensively and deeply cover the rich heritage, we decided to limit ourselves to the work of a certain group of poets. Also, based on the works of many scientists, we have shown that Kazakh poetry has a deep source.

All these conclusions, balanced thoughts and conclusions that we observe during the study of the national character of the Kazakh poem reflect what has been said.

Keywords: poetry, world view, value, national character, tradition, national character

References

1. Akhmetov Z., Shanbayev T. Adebiettanu terminderinin sozdigi. Almaty: Ana tili, 1996. – 240 p.
2. Charles Lamb. Specimens of English Dramatic poets., in The Concise Oxford Companion to English Literature, 1808 y.,– 39 p.
3. A series of literary memoirs. I volume. Under the general editorship of: Vatsuzor V.E., Geya N.K., Orlova V.N., Mashinsky S.I., Tolstoy L.N. vospominaniyah sovremennikov, M., 1955, I tom, – 642 p.
4. Turgenev I.S. Complete works, – M.: Pisatel, 1961. – 254 p.
5. Aibergenov T. Amanat. Almaty: Jazuşy – 1975. – 107 p.
6. Abdrashev Zh. Parasat pen paryz. - Almaty: Zhazushy, 1973. – 168 p.
7. Kumisbaev U. Eki perne. - Almaty: Zhazushy, 1980. – 156 p.
8. Begmanova B. M.Makataev zhane qazaq poeziyasindagy dastyr men zhanashyldyk: Adebı zertteu. - Almaty, Qaratau 2015. – 232 p.
9. Makataev M. Koshedi olen nemese oshedi olen. Olender men poema. – Halykaralyk Abay kluby, 2013. – 384 p.
10. Karibozuly B. Qazaq oleninin ulttyk sypany. Philol.gyl.d-ry dis. - Almaty, 1997. – 303 p.
11. Aituganova S., Sarekenova K., Aubakir Zh., Karipbayev Zh., Seiputanova A., Aimukhambet Zh. The Impact of Online Technologies Supported by the Teaching of Poetry Poetology on the Achievements and Attitudes of Students // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology, 2023, 11(3), pp.662-682
<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0.085161358181&origin=resultslist&sort=plf-f>
12. Myrzaliev K. Dala didary: olender kitaby/ - Almaty: Zhazushy, 1966.– 168 p.
13. Sultangalieva O.K., Erdembekov B.A., National-ethnographic features of Kazakh poetry in the era of independence // Khabarshyi L.N. Gumilev State University, Philology series. - 2023. – №1 (142). – 154 p. DOI <https://doiorg/10.32523/2616-678X-2023-142-1-154-162>
14. Äuezov M. Är jyldar oilary. – Almaty: Jazuşy, 1959, – 375 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Карбозов Ерхан Карбозұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Карбозов Ерхан Карбозович – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Karbozov Erkhan – Candidate of Philological Science, Senior Lecturer Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Мамежанова Әсем Ермекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты, Алматы, Қазақстан.

Мамежанова Асем Ермековна – магистрант Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Mamezhanova Assem – magister Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.